

"Жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері туралы" Ақтөбе облыстық мәслихаттың 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 235 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Ақтөбе облыстық мәслихатының 2023 жылғы 9 маусымдағы № 20 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 13 маусымда № 8360 болып тіркелді

Ақтөбе облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. "Жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері туралы" Ақтөбе облыстық мәслихаттың 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 235 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3306 тіркелген) шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген, Ақтөбе облысының жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері, осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Ақтөбе облыстық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихаттың төрағасы

Г. Суентаева

2023 жылғы 9 маусымдағы
№ 20 шешіміне қосымша
2009 жылғы 21 желтоқсандағы
№ 235 облыстық мәслихаттың
шешіміне қосымша

Ақтөбе облысының жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері

№	Арнаулы су пайдаланудың түрі	Өлшем бірлігі	Төлемақы мөлшерлемелері
Жайық, Сағыз, Ембі, Ойыл өзендері бассейні			
1.	Тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтер	теңге/1000 текше метр	201,9
2.	Өнеркәсіп жылу энергетикасын қоса есептегенде	теңге/1000 текше метр	586,1
3.	Ауыл шаруашылығы	теңге/1000 текше метр	162,8

4.	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары	теңге/1000 текше метр	159,1
5.	Су энергетика	теңге/1000 киловатт сағатына	-
6.	Су көлігі	теңге/1000 тонна километр	19,53
Торғай, Ырғыз өзендері бассейні			
7.	Тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтер	теңге/1000 текше метр	175,3
8.	Өнеркәсіп жылу энергетикасын қоса есептегенде	теңге/1000 текше метр	493,46
9.	Ауыл шаруашылығы	теңге/1000 текше метр	135,7
10.	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары	теңге/1000 текше метр	135,7
11.	Су энергетика	теңге/1000 киловатт сағатына	-
12.	Су көлігі	теңге/1000 тонна километр	-